

ТУУ

ТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

Сейсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Большевиктер, егер олар нағыз большевик болғысы келсе, өздерінің қателерін айқын түрде мойындауға, ол қателердің себептерін ашуға, ол қателерді түзету жолдарын белгілеуге, кадрларды дұрыс үйрету, оларға дұрыс саяси тәрбие беру ісіне, партияға көмек көрсетуге ерлігі жетпейтін болу керек. Өйткені, тек осы жолмен ғана, тек айқын және шын ниетті өзара сын жағдайында ғана нағыз большевик кадрлар тәрбиелеп өсіруге болады.

И. СТАЛИН.

есеп тары

дарын және бас-

йы облысымыз-
ымдарының ба-
з. Бізде көптеген
ры түрлі мәселе-
көп қабылдай-
яң сөзсіз орыс-
стенбейді, олар-
жете шұғылдан-
ан жап- жақсы
газ жүзінде қа-

артия ұйымда-
лық тапсырма
оның орында-
ғарады. Мұндай
дық тапсырма—
тәрбиелеудің
ұмытады. Сол
ұйымдарының
тіт- бұқаралық
мен үстүрт шұ-
йта кету қажет.

және олардың
й ұйымдарының
йналыстарында
нақтылы шара-

Жылдық жоспар мерзімінен
бұрын орындалсын

Жаңа табыстар үшін күрес

Еңбек өнімділігін арттыруға, жарты-
жылдық жоспарды мерзімінен бұрын
орындауға жұмыла кірісіп, социалистік
жарысты қызу өрістеткен Петропавл қал-
асының «Труд» кәсіпшілік артелинің
коллективі өндіріс товарларын шығару-
дың жартыжылдық жоспарын 20 июньде
103,9 процент, ал, июнь айының жоспа-
рын 101 процент орындап шықты.

Әресе, Зайченко жолдас басқарған
№ 1 жондеу мастерскойының жұмысшы-
лары қажырлылықпен еңбек етуде. Бұлар
июнь айының тапсырмасын 125 процент
орындады. Сөйтіп, социалистік жарыста
бірінші орынға ие болды.

Артельдің стахановшылары: Акат Ата-
жанов, Кәкім Шафиков, Иван Шхловский,
Мария Барчатова және Павел Пузанков
жолдастар күнделік, айлық тапсырмала-
рын үнемі екіжарым-үш еседен орындап
жүр.

Еңбектің тамаша табыстарына ие бол-
ған озаттардың игі ісіне еліктеген ар-
тельдің барлық жұмысшылары мен қыз-
меткерлері жылдық жоспарды Сталиндік
Конституцияның Бүкіл-өзімізге қолдану

Күндегіден ерте ояңған Әлиакбер кол-
хоздың егін даласына қарай көз жүгіртті.
Жазғы таңның қоңыр салқын лебі, көк
жиектен көтерілген күміс күн қойнауы
кең, зор алқапта жайқалған егін таң
самалы алдындағы қоңыр салқын желмен
желпінеді де, бармақтай алтын дән оған
басын иіп тұр.

— Егін қалай бітік шыққан!
— Қандай дәулет, ырыс десеңші!

Осы ұғым оның көкейінен
кетпейді. Жайқалған егінді көр-
ген сайын ол «осы егін де ер-
кін жүзсем» деген ойдың құша-
ғына енетін болды.

... Астық. Алтын астық! Ел
ырысы, Отан байлығы — алтын
астықты ысрап етпей, жыйнау
қандай аброй!

— Жоқ, болмайды, комбайн-
шы болуым керек. Ел ырысын
шәшпай - төкпей жыйнаудан
артық ешнәрсе жоқ, — деген
қорытындыға келді ол.

Түс көтеріле Әлиакбер МТС
директорына келіп, өзінің жүрек
сырын айтты.

— Егіннің шығымы қандай
екен?

— Бидайдың биіктігі ат бо-
йынан асады.

ЕҢБЕК ЕР АТАНДЫРАДЫ

пен жұмыс істеп, ол астықтың ырабына
жол берген жоқ, әрі тапсырманы үнемі
біржарым есе орындауға жетісті.

Келесі жылы таңдаулы комбайншы
өзінің жұмыс әдісін бұрынғыдан да жет-
тілдіре түсті. Ол комбайн агрегатына
және дала кемесінің өзіне тағы да елеу-
лі өзгерістер енгізді. Ауыр жүкті алып
жүруге жарамсыз самоповательді қай-
тадан жасап, оның қуатын арттырды.

дың бірі. Бұл жылы оның комбайн агре-
гаты жұмыс істейтін «Баян» колхозында
егін бітік шықты. Әрбір гектар жерден
100 пұттан, онан да жоғары өнім алынды.
Асадулаев жолдас жұмыс қарқынын күн-
нен- күнге арттыра отырып, бұл жылы
765 гектар жердің егінін жыйнады,
13700 центнер астық бастырды. ССР
Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы
оның қажырлы еңбегін жоғары бағалап,

облыстың бір топ комбайншыла-
рымен бірге, оны Ленин ордені-
мен наградады. Сол кезде ол
механизаторлар алдында бұл
наградаға қажырлы еңбекпен
жауап беруге, жұмысты әрі
өнімді, әрі сапалы атқаруға, мол
өнім үшін күрес жолындағы
жарыстың алдыңғы сапында бо-
луға серт берді.

Таңдаулы комбайншы бұл
сертін де мінсіз орындады. 1951
жылы ол Баян МТС-і механизат-
торларының жарысында үздік
шығып, 765 гектар жердің егі-
нін жыйнады да, 8 мың цент-
нерден астам астық бастырды,
жүздеген килограмм жанар ма-
йын үнемдеді.



болды.

Сол сыяқты, бастауыш партия ұйымдары кадрларды тәрбиелеу жұмысын жақсартуда, өздерінің қатарларын жұмысшы табының, шаруалар мен интеллигенцияның алдыңғы қатарлылары есебінен толықтыруда.

Мұндай алдыңғы қатарлы бастауыш партия ұйымдары облысымызда көптеп саналады. Басшылық етудің большевиктік әдісін меңгере отырып, шарғын двигательдер заводы партия ұйымының секретары Шатунов жолдас партия ұйымының шын мәнінде ұйымдастырушылық роль атқаруына, оның мүшелерінің өздерінің авангардтық ролі дәрежесінде бола білуіне жетісті. Аталған партия ұйымы завод коллективі арасында социалистік жарысты, үгіт-бұқаралық жұмысын пәрменді өрістете білді, коммунистердің жұмыстың барлық участоктерінде авангардтық роль атқаруын қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде бұл завод өндірістік программаларды орындауда үнемі алда келеді. Мұнымен бірге, бұл партия ұйымы коммунистерінің өздерінің саяси-идеялық білім дәрежелері мен іскерлік қаблеттерін арттыру жолында көп ізденіп, еңбектенетіндігін де атап өтуіміз керек. Мұндайлардың қатарына былғары заводының, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының, Ленин ауданындағы «Еңбек»

Есеп беру-сайлау жыйналыстары партия-ұйымдық және партия-саяси жұмыстарының дәрежесін бұрынғыдан да жақсартуға бағытталған шаралар белгілеуге тиіс. Жуырда республикамыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілерімен бірге, біздің облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері де көсеміміз Сталин жолдасқа хат жазып, көтеріңкі жаңа міндеттемелер алды. Бастауыш партия ұйымдарының барлық ұйымдастырушылық және саяси-бұқаралық жұмыстары ауыл шаруашылығының алда тұрған міндеттерін және өнеркәсіп орындарының өндірістік программаларын ойдағыдай орындауды қамтамасыз ету мақсатына бағытталуға тиіс.

Бастауыш партия ұйымдарының жаңа құрамына қолынан іс келетін, беделді коммунистердің сайлануына да айрықша назар аудару керек.

Қалалық және аудандық партия комитеттері есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірленуде және оларды өткізуде бастауыш партия ұйымдарына нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Бастауыш партия ұйымдарының өміріндегі маңызды оқыйға—есеп беру-сайлау жыйналыстарының идеялық-саяси жағынан жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етейік.

Жер астындағы ауыр салмақты поездар

ЛЕНИНОГОРСК. (ҚазТАГ). Ленин-огорск полиметалл комбинатындағы алдыңғы қатардағы Сокольный руднигінде жер астында қазылған барлық руданы сол күні сыртқа шығару жолында жарыс өрістеді. Бұл жарысты Замятин, Ямщиков жолдастардың сменаларындағы транспортшылар бастап, олар жер астында ауыр салмақты электр поездарын жүргізуге ұйғарды.

Жер астындағы транспорттың жолшылары стахановшылардың бұл бастамасын қостады. Жаңа шпалдар мен рельстер төселіп, тіреулер кеңейтілді. Мұның өзі руда тиелген ауыр салмақты поездардың

тоқтаусыз өтуіне мүмкіндік тудырды. Әрбір электровоз руданы бұрынғыдан 30—40 процент артық тасый бастады.

Жер астындағы теміржолдың контакт сымдары әдетте забойлардан 50—70 метр кейін калып отыратын. Мұның өзі руданы бірнеше топқа бөліп лақтыруға мәжбүр ететін. Кәзір бұл кемшілік жойылды. Электровоздар забойға жапсарласып жақын келеді. Рудникте теміржолды және вагондарды жоспар бойынша және алдын ала жөндеудің жаңа графигі қолданылды. Июнь айында Деревьянко, Ямщиков, Замятин жолдастардың сменалары жүзден аса ауыр салмақты поезд жүргізді.

дирске оатыл енгізуге жұмылдырды.

Артель коллективі қол жеткен бұл табыстарын баянды ете беру жолында қызу қарқынмен еңбек етіп, жылдық жоспарды 7 ноябрьге дейін орындауға жетіспек.

Д. ӘБІЛҚАСОВ.

Тігіншілер алда келеді

Петропавл қалалық сауда мекемесіне қарасты өндіріс комбинатының Щелин және Мезенцева жолдастар басқаратын тігін цехтары жартыжылдық жоспарларын мерзімінен бұрын 123,7 процент орындады. Өнімнің өзіндік бағасын кеміту күресін кең өрістете білген тігіншілер өткен жарты жыл ішінде 17 мың сомның шықсатын үнемдеді.

Үлгілі тігіншілер Надежда Гуляева, Галина Красинова, Зоя Кручинина жолдастар ай сайын өздерінің өндірістік жоспарларын 110-120 проценттен кем орындап көрген емес. Олар бұл табысты алдағы уақытта да баянды ету үшін күресуде. Жылдық жоспарды Сталиндік Конституция Күніне дейін аяқтап шығуды көздеген тігіншілер зор белсенділікпен жаңа міндеттемелер алысты.

Қ. ЖАУКИН.

Жаңашыл шоферлар

«Союзгазоттранс» автомобиль тресі мен роталарының шоферлары, жұмысшылары жаңа егіннің астығын тасу қарсаңындағы әзірлік күндерінде өндіріске жаңалық әдістер енгізу ісін кең өрістетуде. Петропавл автомобиль ротасының слесарі Каземир Мицкевич, шофер Семидоцких жолдастар әрқайсысы үш-төрт ұсыныстан енгізді. Олар өндірісте кең қолданылып жүр.

Г. АЛЮТИН.

комбайнның сол жағына шығарды. Бұл комбайн шынжырларының жұмыс істеу сапасын жақсартты, еңбек өнімділігін арттырды.

Бұл жылы «Баян» колхозының егіс даласында егінді күтіп-баптау жұмысының жедел жүргізілмеуі салдарынан егінде арам шөп көп кездесті. Таңдаулы комбайншы арам шөптері көп егінді ойдағыдай жыйнау мақсатын көздеп, астық қабылдайтын камераға да кейбір өзгерістер енгізді. Біріншіден, ол астық қабылдайтын камераның самоповодателін қысқартып, барабан подователінің валигін ұзартты. Мұның өзі самоповодатель планкелерінің тез сынуын жойды. Осы әдіс-

қатар, Асадул минутын ұтыпды—агрегатты кейде 22 саға

Адал еңбек гарады деген МТС-те комбай аяқтап, егін және артығы орнына 1947 байнымен 750 гектар, 1949 сін жыйна

1950 жи үшін есте қал

ҮЛГІЛІ ӘЗІР

Қарағанды совхозының жұмысшылары мен механизаторлары егін орағына әзірлікті қысқа мерзімде аяқтауға міндеттенген болатын. Алған міндеттемені аброймен орындау жолында олар қажырлылықпен еңбек етуде.

Өткен жылы Федор Дьяченко комбайнмен егін жыйнауға айтарлықтай табысқа жеткен еді. Бұл күндері ол комбайнның жөндеу, оны егін орағына әзірлеуде де алда келеді. Ол жөндеген екі комбайнның екеуі де сапалы.

Комбайншы Павел Бочтовой, оның көмекшісі Владимир Казаков жолдастар да егін жыйнауға әзірлікте табысты еңбек етіп жүрген механизаторлардың бірі. Бұл екеуі де өз комбайндарын жөндеп болды. Кәзір олар астық тазалайтын,

сорттайтын м Егін орағы механикалық лары да жан лен, токарь I жолдастар кү проценттен оғ луда.

Совхоз кәзі комбайнның Осымен бірге, сыяқты қуатт лар да жөнде. қоймалары ме дар астық қа әзір.

Ұлғайтылған міндеттеме

Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерді аброймен орындау жолында Налобин МТС-нің механизаторлары қажырлы еңбек етуде. Быйғы жылы егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алуды көздеп, олар комбайн паркін егін орағына үлгілі әзірлеп жатыр.

МТС-те кө әдіспен жөнде жұмысын тез мүмкіншілік жесінде МТС- деліп болды. ысырапсыз ж райтылған м

УРМЫСЫ

Жерде

уымы өз
ан қарарлардың
үді тәжірибеле

қабырға газеті
ар уақытылы
і, оқта- текте
еттерінде ешбір
ейсіз. Жалғыз
ан кәсіпорнында
дағыдай өрісте-
ын дәлелдейді.
і жұмысшылар
м ұйымдасты-

і- саяси және
арды жүргізу
қол беру бүкіл
кеттік жоспар-
май қалуына,
фактілерінің
соғып отыр.
де машиналар-
деуге қойылуы
ның мемлекет
жағар және
шығындалуы

өзгесін жүр-
сы төрт айы
5 мың сомнан
ы, талан- та-
н, Дьяченко,
еген шоферлар
тағайындалған
әрбір сапар
мітіп отырған.

ің басшылары
көзге төзіп
ларының ар-
п қарағанда
дастырылмады
бір машина

Партия оқуы жүйесіндегі кейбір табыстарымыз

А. П. Микоян атындағы ет-консерві комбинаты партия ұйымының жанындағы үйірмелер мен саяси мектептерді былай 251 адам бітіріп шықты. Тыңдаушылардың басым көпшілігі программалы материалды ойдағыдай меңгерген.

Өткен оқу жылында қалалық партия мектебінің комбинаттағы филиалы коммунистерге саяси білім беру жөнінде бірқатар көрнекті табыстарға ие болды. Мектепті бітіріп шыққан 50 тыңдаушының ішінен 35 адам тек қана отлично деген баға алды. Әсіресе, коммунистер Имамов, Бочемировская, Гришин, Козлова жолдастар марксистік-лениндік теорияны және партиямыздың тарихын оқып үйрену ісіне көп еңбек сіңіргендіктерін көрсетті.

Сонымен қатар, партия ұйымы бюросының күнбе-күн көмектесіп, үнемі бақылау жасап отыруы нәтижесінде марксистік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер де ойдағыдай жұмыс істеді. Бірқатар коммунистер большевиктік партияның көсемдері Ленин мен Сталиннің шығармаларын өздігінен оқып үйренді.

Партия ұйымы өзінің соңғы жыйналысында өткен оқу жылының осындай кейбір игі нәтижелерін қорытындылай келіп, партия оқуы жүйесінде елеулі кемшіліктер болғанын атап көрсетті. Сонымен қатар, жыйналыс жаңа оқу жылына арналған бірқатар шараларды белгіледі. Онда негізінен оқу жылына әзірлік мәселесі қарастырылған.

Жаңа оқу жылында марксистік-ленинизмді өздігінен үйренушілер қатары бұрынғыдан едәуір артады. Комбинат партия ұйымының жанындағы саяси мектептер мен үйірмелердің саны 14-ке жетеді. БК(б)П тарихының қысқаша курсын үйрену жөніндегі шаралардың тиісі

Қалалық Советтің сессиясы

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің үшінші сессиясында Совет аткомінің жұмысы туралы мәселе қаралды.

Сессияда баяндама жасаған Совет аткомінің председателі Савин жолдас қала еңбекшілерінің өткен жылы шаруашылық және мәдени құрылыс салаларында бірқатар жаңа табыстарға жеткендігін атап көрсетті.

—Қала өнеркәсібі, — деді баяндамашы, — өндірістік жоспарды артығымен орындады. Халық-ағарту, денсаулық сақтау және еңбекшілерді мәдениетті қамту ісі едәуір жақсартылды. Қалалық Совет аткомі сайлаушылардың тапсырыстарын орындауға көп көңіл бөлді. Қаланы көркейту жөнінде бірқатар жұмыстар істелді. Су проводын салу қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр, быйылғы жылы су тартатын станцияны және су жыйнайтын құдықты салу аяқталады. Бірқатар көшелердің бойларына тас төселді. Халықтың тұрмыстық қажеттерін өтеу үшін аяқ киім жөндейтін, ішкі-сыртқы киімдер тігетін 29 мастерской ұйымдастырылды. Бөлшек сауда сөті ұлғайтылды.

Өткен жылдың ішінде қалалық Советтің бұқарамен байланысы нығая түсті. Депутаттар сайлаушыларды қаланы көркейту ісіне көптеп қатыстыру жөнінде бұқаралық түсінік жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, сайлаушылар еңбекшілердің шағым-арыздарын қарауға да белсене қатысып отырады.

Савин жолдас осындай жетістіктермен қатар, тұрақты комиссиялардың жұмысындағы кейбір кемшіліктерді атап көрсетті. Әсіресе, әлеуметтік-тұрмыстық, коммуналдық-жол құрылысы және сауда-өнеркәсіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиялар өздерінің жұмыстарын бүгінгі талаптарға сай жүргізе алмай келеді. Қалада құрылыс жұмыстарына босатылған қаржылар баяу меңгеріледі.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмысына бұл комиссия белсене қатысуға тиіс.

Қалалық сауда бөлімінің қызметкері Иванов жолдас қаланың шет аймақтарында дүкендер ашу жөнінде Совет аткомінің ешбір шара қолданбай отырғанын, сонымен қатар, ол өнім сапасын жақсартуға жетіспегені үшін нан комбинатының директоры Евраев жолдасы қатты сынады.

Депутат Антонов быйылғы жылы темір жол торабында үлкен құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Жаңа балалар бақшасы мен яслилері, дүкендер, асханалар және басқа құрылыстар қатарға қосылады.

Депутат Тужиков сауда ұйымдары қызметкерлерінің тұтынушылар қажетін өтеуге көп реттерде жауапсыз қарайтындығын, қалалық Совет аткомі тарапынан сауда жұмысына басшылықтың өз дәрежесінде болмай келе жатқандығын айтты. Тужиков жолдас қалалық Совет тарапынан канализация және су проводы құрылысына ерекше бақылау жасап отыру қажеттігін ұсынды.

Денсаулық сақтау жөніндегі тұрақты комиссияның председателі Миненкова жолдас өзінің сөзін қаладағы денсаулық сақтау жұмысының жайын баяндауға арнады. Өзі басқарған комиссияның Кузин, Гвоздев жолдастар сыяқты мүшелерінің тапсырылған істі орындауға белсене қатыспайтындығын айтты. Сонымен қатар, ол балалар ауруханасында рентген кабинетін ашу және әйелдер босаятын қосымша үй беру мәселесін шешуді сұрады.

Депутат Румянцев қалалық Совет аткомінің жұмысын батыл сынады. Аткару комитеті депутаттарды мәселе шешуге белсендіре қатыстырып отырмады, — деді ол. — Тұрақты комиссиялардың жұмысына кезінде бақылау жасамайды.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 6 июль. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 6 июль күні былай деп хабарлады:

Кеше корей Халық армиясының құрамалары майдандардың жекелеген учасктерінде қытай халық еріктілері бөлімдері мен бірлесе отырып, жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізумен болды және дұшпанды адам күші мен техника жағынан шығындарға ұшыратты.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атқыштар Шығыс және Батыс жағалаулардағы бейбіт елді пунктерге пулеметтерден оқ жаудыруға, бомбалауға қатысқан дұшпанның 4 самолетін атып түсірді.

БЕРЛИНДЕГІ ЖАППАЙ МИТИНГІ

БЕРЛИН, 6 июль. (СОТА). Бейбітшілік үшін күрескерлердің неміс комитеті 6 июль күні Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің төтенше сессиясы жұмысының аяқталуына арналған Берлин еңбекшілерінің үлкен митингісін ұйымдастырды.

Митинг Сталин атындағы аллеядағы спорт залының үйінде өткізілді. Митингіге қатысушылар Герман Демократиялық Республикасының президенті Вильгельм Пик пен Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председателі профессор Жюлио Кюри бастаған бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік қозғалысының көрнекті қайраткерлерін қызу қолшалақтап қарсы алды.

Митингіде бейбітшілік үшін күрескерлердің неміс комитетінің председателі доктор Фридрих, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председателі — профессор Жюлио Кюри, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің вице-председателі Александр Фадеев, Қытайдың демократияшыл лигасының бас секретары Чжан Вэньзонь

лықтарға жол беріліп келе жатқандығын атап көрсетті.

дандық ауылшаруашылық бөліміне колхоздардың мал қыстатуға ойдағыдай әзірлік жүргізілуіне көмектесуді тапсырды.

болатындығы сөзсіз.

И. ШМЕЛЬКОВ,

комбинат партбюросының секретары.

оар. мұнымен қатар, колхозда радио то-рабы мен балалар ясли жұмыс істейді.

Қ. ӘБДІҚАЛЫҚОВ.

болды. Олар музей тарихымен, баспа басылатынымен т

Петропавлдың 200 жылдығына

Октябрь социалистік революциясы күндеріндегі Петропавл

Петропавлдың өнеркәсіп орындарында істеген мыңдаған жұмысшылардың арасында, қалада орналасқан 33-атқыштар полкі арасында соғыс пен патшалық самодержавиеге қарсы наразылық күшейе түсті. Бұл жағдай февраль революциясы күндерінде Петропавл қаласында оқийғаның тез шиеленісуіне себепкер болды.

Патшаның құлатылғандығы жөнінде хабар жетісімен 1917 жылдың март айының алғашқы күндерінде Қалалық Басқарманың жанынан Біріккен комитет ұйымдастырылып, ол басқару жұмысын өз қолына алды. Комитеттің құрамына әртүрлі партиялардың өкілдері кірді, бірақ, көпшілігі эсерлер болды. Комитеттің құрамында меньшевиктер де бар еді. Жұмысшылар мен солдат депутаттарының Советі ұйымдастырылды. Біріккен комитет Советке эсерлер басым болғандықтан Советті өкмет билігінің көмекші органы деп таныды.

Столыпин қырғынынан аман қалған азғана қарт большевиктер және 33-полктің солдаттары арасынан іріктеліп шыққан жаңа кадрлар В. И. Лениннің атакты «Апрель тезистерін» қолдарына алып, меньшевиктер мен эсерлердің опасыздық әрекетіне қарсы бағытталған үгіт пен күресті күшейтті.

1917 жылдың июнь айында Петропавлға майданнан Дубынин, Пихолек, Трацевский, Залкин және басқа большевиктер қайтып келді. Осы большевиктердің басылығымен меньшевиктер мен эсерлерді Советтен қуып шығаруға бағытталған

үгіт жұмысы жүргізілді. Марксистік білімі бар, жігерлі большевик Дубынин жолдас июнь айында кілең большевиктерден іріктелген қалалық партия комитетін ұйымдастырды. Бұл тек большевиктерден құрастырылған Петропавлдағы тұңғыш партия комитеті еді.

Дубынин жолдас бастаған қалалық партия комитеті 1917 жылдың жаз айларында күрделі жұмыстар істеді. Темір жол және консерві заводдың жұмысшыларынан қызыл гвардия отрядын ұйымдастырды. Отрядтың қатарында 400-ге жуық адам болды.

Қалалық комитеттің белгілі насихатшы кадрлары болды. Кәрім Сутюшев және Ыдырысов қазақ пен татар еңбекшілері арасында, солдаттар Долгополов пен Демин әскери гарнизонда большевиктік насихатты күшейтті. Темір жолда Землянский, Конохов және Окишев жолдастар қызыл гвардия отрядын ұйымдастырды.

1917 жылдың август айында Советте большевиктердің ықпалы күшейе түсті.

Сентябрьдің бас кезінде қалада Дубынин жолдасының қолы қойылған большевиктік бірінші үндеу таратылды, онда Петропавл кәсіпорындары жұмысшылары мен 33-атқыштар полкінің солдаттарын Совет маңына тығыз топталып, меньшевиктер мен эсерлерді Советтен аластауға, олардың орнына делегаттыққа большевиктерді сайлауға шақырған. Үндеу: «Большевиктер мен Советтер ғана жұмысшыға

нан, солдаттарға бітім, шаруаларға жер бере алады» деген сөздермен аяқталған.

Бүкіл елде революциялық қозғалыс ұлғая түсті. Петропавл большевиктері еңбекшілер бұқарасының қолдауына сүйеніп отырып, Октябрь қарсаңындағы күндерде буржуазияның және онымен келісушілердің контрреволюциялық әрекеттерін деркезінде әшкерелеп отырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы туралы хабар Петропавлға лезде әк жетті. Қаланың барлық ірі өнеркәсіп орындарында (темір жол мастерскойлары, консерві заводы, былғары заводы және басқалар) жұмысшылар мен қызметшілердің жыйналысы болып өтті. Жыйналыстарда барлық өкмет билігін Советтердің қолына көшіру туралы қарар қабылданды. Советтің қарары бойынша Біріккен комитет таратылды.

Петропавл Советінің 6 ноябрь күні болған мәжілісінде өкмет туралы мәселе талқыланды. Революциялық соғыс комитеті ұйымдастырылып, өкмет соның қолына көшті. Жергілікті контрреволюцияның тірегі — қалалық дума Октябрь революциясына қарсы шықты. Дума Петроградтағы большевиктердің революциялық көтерілісін айыптап, Құрылтай жыйналысын шақыруды және социалистік министрлікті құрастыру туралы эсерлер ұсынған қарарды қабылдады.

Жаудың бұл дұшпандық әрекетіне қарсы Қалалық Совет Петропавл еңбекшілер бұқарасының тілегін орындай отырып, 22 ноябрь (5 декабрь) күні Петропавлда Совет өкметінің орнатылғандығы туралы салтанатты түрде жариялады. Қалада Совет өкметі жарияланғаннан кейін революциялық соғыс комитеті қалалық думаны таратып, эсерлердің «Дала сөзі» («Степ-

ная речь») газетін жапты, бірнеше эсерлерді тұтқынға алды. Революцияның жеңісін қорғау үшін қызыл гвардияның жаңа отрядтары жасакталды. Қызыл гвардияны ұйымдастыру жұмысына тікелей Дубынин жолдасының өзі басшылық етті. Мекемелерді советтендіру жұмысы қолға алынды. Почта мен телеграф комиссары болып солдат Демин тағайындалды, жұмысшы Курлаков финанс комиссарының міндетін атқарды, ал, диірмен жұмысшысы Курнаков еңбек комиссары болып белгіленді. Прапорщик Шаннин соғыс комиссары және «Петропавл Советінің хабары» («Известия Петропавловского Совета») газетінің редакторы болып тағайындалды.

15 (28) декабрь күні революциялық-соғыс комитеті Советтің атқару комитеті болып, қайта ұйымдастырылды. Совет өкметінің алғашқы декреттерін жүзеге асыру жөнінде жұмыс жүргізіле бастады. Зеңков, Мездряков және Рыжевтің консерві және былғары заводтары, барлық диірмендер иелерінен тартып алынып, жаңадан ұйымдастырылған фабрика-завод комитеттерінің бақылауына берілді.

1918 жылы январь ішінде Совет мемлекетінің социалистік ірге тасын бекіткен Советтердің Бүкілроссиялық III съезі болды. 10 март күні Петропавл Советі мүшелерінің жалпы жыйналысы өтті. Онда Советтердің Бүкілроссиялық III съезінің делегаты Дубынин жолдасының баяндамасы тыңдалды.

1918 жылдың март — апрель айларында Петропавл Советі бірнеше революциялық шараларды жүзеге асырды. Халық Комиссарлар Советінің шеркеуді мемлекеттен бөлу туралы және азаматтық мектептерде діни сабақтарды оқытуды тоқтату

туралы декреті жемартта Петропавл жалпы құны 5 мың және одан артатын жеке меншік жер жуазиядан 2 миллион өндірілді.

Совет шетелдік мүлкін конфискация рибуция өндірі. Швеция және Данияліктері Петропавл разылық білдірісті, Петропавл Советінің қалдырды.

1918 жылғы I пролетариаты революцияға өзінің дайын септі. Қызыл гвардия отрядтары мен солдат зінде қала көшелер өтті.

Жас Совет республикашы таптарға қарсы Халық қолдаған Совет күшінен зәресі үшк революциялық жұмыста ұйымдастыра баста чехословактар мен да контрреволюциял Ақгвардияшылар қа жүргізді. Бірақ, оларан жок. Революция дияшыларды қала талқандады. Сөйтіп, өкметі мәңгіге қайта

мүғалімдердің біліту тының тарих қа

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс